

Биология пәнінен Республикалық олимпиаданың қорытынды кезеңі

1 тур

Сұрақ парағы

Уақыты: 210 минут

Максималды: 82,5 балл

Нұсқаулық

1. Қара немесе көк қаламмен немесе маркермен толтырыңыз. Жауап парақтары сканерленеді және сканер қарындаштың толтырылғанын көрмейді.
2. Жауап парағындағы дөңгелектерді толығымен толтырыңыз.

Дұрыс

Бұрыс



3. Бір ғана дұрыс жауап қабылданады. Екі боялған автоматты түрде 0 ұпай болып есептеледі.
4. Жауап парағында сызып тастауға және түзетуге болмайды. Егер сіз сызып тастасаңыз және оның жанына дұрыс жауапты жазсаңыз, сканер 2 жауап деп санайды және сізге 0 ұпай беріледі.
5. Корректор пайдалануға болады.
6. Калькулятор пайдалануға болады.
7. Бояуға қосымша уақыт қарастырылмаған.
8. «ШИФР» жолын **ТОЛТЫРМАҢЫЗ**. Онда ұйымдастырушы сіздің шифрларыңызды енгізеді.
9. **Апелляцияға өтініш «ASDBIO» Telegram каналы арқылы қабылданады.**

Инструкции

1. Закрашивать ручкой черной или синей либо маркером. Листы ответов будут сканироваться, и сканер не видит закрашивание карандашом.
2. Кружки в листе ответов закрашивать полностью.

Правильно

Неправильно



3. Принимается только один правильный ответ. Два закрашенных будут автоматически считаться, как 0 баллов.
4. Нельзя зачеркивать и исправлять в листе ответов. Если вы зачеркнули и написали рядом правильный ответ, то сканер посчитает как 2 ответа, и вы получите 0 баллов.
5. Можно пользоваться корректором.
6. Можно пользоваться калькулятором.
7. Дополнительное время для закрашивания не предоставляется.
8. Поле “ШИФР” **НЕ ЗАПОЛНЯЙТЕ**. Туда организатор впишет ваши шифры.
9. **Заявка на апелляцию будут приниматься через Телеграмм канал “ASDBIO”.**


СӘТТІЛІК!

УДАЧИ!

Бір дұрыс жауабы бар тесттер (әр сұраққа 0,5 баллдан)

1. Хлоропласттардың бактериялық шығу тегінің дәлелі:
 - A. құрамында рибосома жоқ
 - B. митоз жолымен көбейеді
 - C. бір сақина-тәрізді хромосома бар
 - D. сыртқы мембранада хлорофилл түзеді
2. Адамның ас қорыту жолдары мен ішек микробиомасы негізінен:
 - A. комменсальды және/немесе мутуалистік қатынасы бар
 - B. бір-бірімен бәсекелеседі
 - C. оларда антагонистік қатынасы бар
 - D. олар қарым-қатынаста емес
3. Төмендегі процестердің қайсысы өсімдік жасушасының хлоропласттарының стромасында жүреді?
 - A. Кальвин циклі
 - B. Кребс циклі
 - C. ферментация
 - D. аммонификация
4. Розалинда Франклин ДНҚ құрылымын зерттеу үшін қандай эксперименттік әдісті қолданды?
 - A. электронды микроскопия
 - B. X-кристаллография
 - C. инфрақызыл спектроскопия
 - D. электрофорез
5. Розалинда Франклиннің тәжірибелері арқылы кезінде ДНҚ құрылымы туралы қандай негізгі ақпарат алынды?
 - A. аденин тиминмен, ал цитозин гуанинмен байланысады
 - B. негіз жұптары сутегі байланыстары арқылы байланысқан
 - C. бір тізбекті тізбектерді ДНҚ қыздыру арқылы алуға болады
 - D. ДНҚ құрылысы қос спираль
6. Цитоплазмадан ядроға тасымалданатын затты анықтаңыз.
 - A. тРНҚ
 - B. гистон ақуыздары
 - C. рРНҚ
 - D. АТФ синтетазасының суббірлігі
7. Төмендегілердің қайсысы дұрыс емес?
 - A. бактерия геномында интрондар жоқ.
 - B. архейлік геномда интрондары мен экзондары бар гендер бар
 - C. тек эукариоттарда интрондар болады
 - D. бактерия геномында гендердің гаплоидты жиынтығы болады
8. Сабак үстіндегі белсенді бөлінетін жасушалар:
 - A. эпидермис
 - B. апикальды меристема
 - C. латеральды меристема
 - D. өткізгіш ұлпа

9-12. Суретте иммундық жауапқа қатысатын және аллергияға жауап беретін жасуша көрсетілген.



9. Сызбада жасушалардың қандай түрі көрсетілген?

A. шырлы жасушалар (тучные клетки)

B. нейтрофилдер

C. макрофагтар

D. дендритті жасушалар

10. X – бұл:

A. антиген

B. антидене

C. CD4

D. MPC

11. Y - бұл :

A. антиген

B. антидене

C. CD4

D. MPC

12. Z - бұл?

A. каспаза

B. гистамин

C. феромон

D. нейротрансмиттер

13. Иммундық жауапқа қатысатын T- және B-жасушаларының ортақтығы қандай?

A. олардың иммундық есте сақтау қабілеті бар

B. олар бірінші әсер еткенде қоздырғыштарға тез жауап береді

C. олар организмге қоздырғыштар түскен кезде физикалық кедергі жасайды

D. фагоцитоз жасайды

14-15. Суретте екі жасуша көрсетілген



A



B

14. A жасушасы:

A. эритроцит

B. нейтрофил

C. лимфоцит

D. моноцит


15. Осы екі жасушаны салыстырған кезде қандай қорытынды жасауға болады?

- A. әр жасушада әртүрлі гендер экспрессиялануы мүмкін
- B. бұл жасушалардың барлық ақуыздары үшіншілік құрылым болады
- C. екі жасушада протеомдары бірдей болады
- D. екі жасушаның геномдары әртүрлі

16. Вирустар туралы қайсысы дұрыс?


- A. олар өздерінің АТФ синтезі үшін гендерді кодтайды.
- B. олар бір жасушалы микроорганизмдер
- C. кейбіреулерінің қабықша тәрізді жабыны бар
- D. вирионына рибосомаларды жинайды

17. Суретке сүйене отырып, табиғи инфекцияда қандай вирустық ақуыз гуморальды реакция тудыруы мүмкін екенін анықтаңыз?



- A. E
- B. T
- C. V
- D. E және T

18. Жарық интенсивтілігінің балдыр шумақтарының фотосинтез жылдамдығына әсерін зерттеуге арналған эксперимент ұсынылған. 50 см³ сутегі карбонатының индикатор ерітіндісіне бірдей мөлшерде балдырлар қосылады және қақпағы жабылады. Ерітіндідегі CO₂ концентрациясы жоғарылаған сайын индикаторлық ерітінді барған сайын сары түске боялады. Ерітіндідегі CO₂ концентрациясы азайған сайын индикатор ерітіндісі күлгін түске боялады. (лампа – шам, водоросль – балдыр, линейка – сызғыш)




Төмендегілердің қайсысы CO₂ концентрациясы мен фотосинтез жылдамдығы арасындағы байланысты дұрыс сипаттайды?

- A. Балдырлар неғұрлым көп фотосинтездесе, ерітінді соғұрлым сары болады.
- B. Бикарбонатты ерітіндідегі фотосинтез жылдамдығы мен CO₂ арасында ешқандай байланыс жоқ.
- C. Балдырлар неғұрлым аз фотосинтездесе, соғұрлым қоршаған атмосферада CO₂ аз болады.
- D. 1ші ыдыс күлгін болады.

19. Оттегімен қаныққан қан адам жүрегінің қай жерінде орналасқан?

- A. сол жүрекшеде және оң қарыншада
- B. оң жүрекшеде және оң қарыншада
- C. сол жүрекшеде және сол қарыншада
- D. оң жүрекшеде және сол қарыншада

20. Диаграммада адамның қан айналымы жүйесі көрсетілген. Ең жоғары қан қысымы қай бөлімде болады?



21. Na^+/K^+ сорғысын қозғайтын негізгі энергия көзі қандай ?

- A. K^+ ионының градиенті
- B. Na^+ ионының градиенті
- C. АТФ гидролизі
- D. Ca^{2+} ионының градиенті


22. Дұрыс тұжырымды белгілеңіз:

- A. Митохондриялық мембраналардың зақымдануы некрозға қарағанда апоптозға жиі әкеледі.
- B. Некрозға ұшыраған жасушада жасуша қабықшасы ядро қабығы сияқты бұзылмаған күйде қалады.
- C. Апоптоздық жасушадағы хроматин бірден жойылып, жасушаның барлық ішіндегісі жойылады.
- D. Некрозға түскен жасуша туралы біз оны жасушаның бағдарламаланған өлу күйінде деп айтамыз.

23. Интерфазада болмайды:

- A. Жасушаның өсуі
- B. Ядроның бөлінуі
- C. Хромосомалар екі еселенеді
- D. ДНҚ синтезі


24. Химиялық реакцияны бейнелейтін суретте графиктің қай бөлігі (А, В немесе С) ферментпен активтену энергиясына сәйкес келетінін анықтаңыз. (протекание реакции – реакция барысы)



25. АТФ синтезі:

- A. энергияны қажет етеді
- B. катаболикалық реакция болып табылады
- C. оттегі болмаған жағдайда ғана пайда болады
- D. жасушаның митохондрияларында ғана өтеді

26 -27. Цитогенетикалық талдау негізінде жаңа туған нәрестеге бір синдром диагнозы қойылды. Суретте кариотипі көрсетілген.




26. Осы баланың ауруын анықтаңыз

- A. Даун синдромы
- B. Тернер-Шерешевский синдромы
- C. Патау синдромы
- D. Клайнфельтер синдромы

27. Бұл қандай мутация болып табылады:

- A. миссенс мутация
- B. нонсенс мутация
- C. анеуплоидия
- D. полиплоидия.


28. Жеңілдетілген диффузия қай суретте көрсетілген:



29. Жасушадағы еріген заттың концентрациясы 0,2% болса, ерітінділердің қайсысы жасуша үшін гипотоникалық болады?


- A. 0,1%
- B. 1,2%
- C. 2,2%
- D. 0,2%

30. Суретте көрсетілген:



- A. амеба
- B. диплококк
- C. хлорелла
- D. инфузория


31. Сұйық культурадағы бактериялардың санын әртүрлі әдістермен анықтауға болады. Олардың бірі сұйылту әдісі болып табылады. Колониялардың жалпы саны әрқашан сәйкес сұйылтуға көбейтіледі.




Петри табақшасы қолданылған суреттен X дақылында қанша бактерия бар деп қорытынды жасауға болады:

- A. $0,4 \times 10^5$ cfu / мл
- B. $0,8 \times 10^5$ cfu / мл
- C. $1,6 \times 10^5$ cfu / мл
- D. $3,2 \times 10^5$ cfu / мл

32-33. Суретте қантты сусын ішкеннен кейін қандағы глюкоза деңгейінің өзгеруі көрсетілген.




32. Графикте Q әрпімен белгіленген аймақта қандай гормон белсенді?
- адреналин
 - глюкагон
 - тироксин
 - инсулин
 - кальцитонин
33. Қандағы глюкозаның көп бөлігімен Q-да не болады?
- майға айналады
 - нәжіспен шығарылады
 - жасушаларға тасымалданады
 - несеппен шығарылады
34. Төмендегі молекулалардың қайсысы глюкозаны тасымалдауға қатыса алады?
- Ca^{2+}
 - Na^+
 - Cl^-
 - K^+
35. Ауруханаға науқас ішінің ауырсынуына шағымданады. Суретте аш ішектің жоғарғы бөлігінде жаралар көрсетілген. Әрі қарай жүргізілген зерттеулер ойық жараның дұрыс бейтараптанбаған қышқылдың аш ішекке түсуінен пайда болғанын көрсетеді. Асқорыту жүйесінің қандай мүшесі жұмыс істемейді?
- ұйқы безі
 - бауыр
 - асқазан
 - өт қабы
36. Бүйрек қызметін бағалау үшін қандағы мочевина мен креатининнің арақатынасы қолданылады. Мочевина мен креатинин шумақтық фильтрациялық барьерінен еркін өте алады. Дегенмен, креатинин қайта сіңірілмесе де, мочевианың белгілі бір пайызы жинағыш түтіктерде қайта сіңеді. Реабсорбция жылдамдығының жоғарылауы қанның жалпы көлемінің ұлғаюымен ғана байқалады.
- Дұрыс тұжырымды анықтаңыз:
- Стандартты жағдайларда сау адаммен салыстырғанда мочевина мен креатининнің зәрде арақатынасы келесі жағдайларда жоғары болады деп күтілуде:
- жинағыш түтіктер эпителийінің жедел некрозы бар науқас
 - жедел уретральды обструкциядан зардап шегетін науқас (несептің іркілуі)
 - сусызданумен ауыратын науқас
 - қарқынды жаттығулардан кейін, бірақ жеткілікті мөлшерде суды қабылдаған сау адам
37. Төмендегілердің қайсысы бүйрек қызметіне жатпайды?
- эритропоэтиннің бөлінуі
 - рениннің бөлінуі
 - E витаминінің шығарылуы
 - біріншілік несептен глюкозаның реабсорбциясы
 - бикарбонаттардың реабсорбциясы
38. Тышқандар энергетикалық пирамиданың қай деңгейінде жиі кездеседі?



39. Уақыт өте келе экожүйені өзгертетін қауымдастықтың құрылымдық және оның жансыз табиғатының өзгеруі қайсысы болып табылады:

- A. мутация
- B. адаптация
- C. сукцессия
- D. эволюция

40. Асыл тұқымда құлақшалардың біріктірілуінің тұқым қуалаушылығы көрсетіледі?



III-6 әйел құлақ қалқаны біріктірілмеген гомозиготалы еркекке үйленсе, олардың балалары туралы нені айтуға болады?

- A. барлық қыздардың құлақтары біріктірілмеген, ал барлық ұлдардың құлақтары біріктірілген болады.
- B. олардың барлық балаларының құлақшалары біріктірілген болар еді.
- C. олардың барлық балаларының құлақшалары біріктірілмеген.
- D. барлық балалардың құлақшалары жартылай біріктірілген болады.

Дұрыс/бұрыс тұжырымдар (әр тұжырымға 0,5 балдан)

1-сұрақ:

X және Y заттары өсу үшін қажетті Z затының синтезі үшін прекурсорлар болып табылады.

Жабайы типтегі нейроспоралар (WT) прототрофты, яғни минималды қоректік ортада (MM) өсе алады.

Z нейроспора затының синтезінде ақауы (дефект) бар төрт мутант (Z) алынды. Төменде осы мутанттармен жүргізілген тәжірибелердің нәтижелері берілген («+» өсу байқалғанын білдіреді, ал «-» өсу байқалмағанын білдіреді).

Жасуша түрі	MM	MM+Y	MM+X	MM+Z	Өсу кезінде MM-де жиналатын материал
Жабайы түрі (WT)	+	+	+	+	
Мутант 1	-	-	+	+	Y
Мутант 2	-	-	-	+	X
Мутант 3	-	-	-	+	X
Мутант 4	-	-	-	+	Y

Қосымша тест

Мутациялардың комплементарлы әрекеттесуін растау гетерокариондардың өсуін минималды ортада сынау арқылы жүзеге асырылды. Келесі нәтижелер алынды:

(«+» өсу байқалады, «-» байқалмайды)

	Мутант 1	Мутант 2	Мутант 3	Мутант 4
Мутант 1	-			
Мутант 2	+	-		
Мутант 3	+	-	-	
Мутант 4	-	-	-	-

Өткізу тәжірибесі.

Мутантты штаммдар будандастырылды, және әрбір будандастыру үшін прототрофты нейроспоралар проценті (%) табылды. Келесі нәтижелер алынды:

будандастыру	прототрофтар %
Мутант 1 x Мутант 2	25%
Мутант 1x Мутант 3	25%
Мутант 1x Мутант 4	0%
Мутант 2 x Мутант 3	0,004%
Мутант 2 x Мутант 4	0,001%
Мутант 3 x Мутант 4	0,001%

Дұрыс (В) және бұрыс (Н) тұжырымдарды анықтаңыз.

41. Мутантты штаммдардағы мутациялар екі түрлі генде болды.

42. *Neurospora* штаммдарының геномында кемінде бес локус мутацияланған деп болжауға болады.

43. Кем дегенде екі мутантты штамм комплементарлы мутанттар болды. (бірнеше локус мутацияланған)

44. 3-мутанттың мутант локусы 2-мутант пен 4-мутанттың мутант локустары арасында орналасқан.

45. 2-мутантты және жабайы типті штаммдарды будындастыру нәтижесінде пайда болатын нейроспоралардың 25% прототрофтар болады деп күтілуде.

2-сұрақ.

Дәстүрлі түрде таксономия морфологияға негізделген. ДНҚ баркодирование - бұл митохондриялық COI (цитохромоксидаза) генінің 650 bp фрагментінің тізбегіне негізделген түрлерді дәл және салыстырмалы түрде оңай анықтауға мүмкіндік беретін жаңа тәсіл. Екі параметрді Кимура қашықтығы (K2P) көмегімен есептелген эволюциялық қашықтық екі ДНҚ тізбегі арасындағы алшақтықты білдіретін кеңінен қолданылатын көрсеткіш болып табылады. Парсы шығанағында мекендейтін балықтарды зерттеу кезінде морфологиясы бойынша 83 түрге бөлінген 150-ден астам даралар зерттелді. COI тізбегі үшін түр аралық K2P арақашықтықтарының орташа мәні 1,15% құрады. Дүние жүзіндегі балықтардың басқа зерттеулерінен алынған орташа қашықтық 0,25% - 0,45% құрады.

Мексика шығанағында өмір сүретін балықтарды зерттеу кезінде морфологиялық белгілері бойынша 76 түрге, 56 туысқа, 32 тұқымдасқа, 11 отрядқа және 2 классқа бөлінген 150-ден астам даралар зерттелді. Төмендегі кестеде әртүрлі таксономиялық деңгейлерге жататын даралар арасындағы K2P қашықтықтары көрсетілген.

	Салыстырылған элементтер саны	Ең аз қашықтық (%)	Орташа қашықтық (%)	Максималды қашықтық (%)	Стандартты ауытқу (қашықтық) (%)
Түр ішінде	185	0	0,18	1.66	0,02
Туыс ішінде	76	6.19	12	20.23	0,42
Тұқымдас ішінде	888	10.88	17.43	24.56	0,08
Отряд ішінде	9274	14.57	21.51	28.9	0,02
Класс ішінде	3439	16.2	22.77	34.41	0,04

Дұрыс (В) және бұрыс (Н) тұжырымдарды анықтаңыз.

46. Баркодирование үшін тандалған сегменттің реттілігінің өзгеру эволюциялық жылдамдығы міндетті түрде H4 гистонын кодтайтын геннің эволюциясының жылдамдығынан жоғары болуы керек.

47. Үлкен орташа түршілік қашықтық K2P басқа балық зерттеулерімен салыстырғанда Парсы шығанағы зерттеуіндегі COI зерттелетін бірнеше номиналды түрлер (яғни, морфология негізінде бөлінген түрлер) ішінде салыстырмалы түрде алшақтықты кластерлердің болуымен түсіндіруге болады.

48. Кестеде келтірілген деректер балық түрлерінің идентификациясы COI фрагменттерінің дәйектілігін зерттеу негізінде жүзеге асырылуы мүмкін идеяны қолдайды .

49. Кестеде COI негізіндегі баркодирование түрдің ішінде анықтауға жарамсыз екенін көрсетеді.

3-сұрақ.

(Сізге ыңғайлы болу үшін екінші сұрақтың басында берілген ақпарат осы жерде қайталанады.) Таксономия дәстүрлі түрде морфологияға негізделген. ДНҚ баркодирование - бұл түрді дәл және салыстырмалы түрде оңай анықтауға бағытталған жаңа тәсіл. Ол митохондриялық цитохромоксидаза генінің фрагментінің нуклеотидтер тізбегіне негізделген (650 негізгі жұп). Екі параметрді Кимура қашықтығы (K2P) арқылы есептелетін эволюциялық қашықтық екі ДНҚ тізбегі арасындағы дивергенция дәрежесін білдіретін кеңінен қолданылатын метрика болып табылады.

Бүкіл әлем бойынша жүргізілген бес баркодирование зерттеулерінің 16 түріне арналған деректер берілген. Қашықтық мәндерінің үш түрі есептелді: ғаламдық, аймақшілік және аймақаралық қашықтық.

- Мұндай зерттеулер үшін әдетте қолданылатын ғаламдық қашықтық бір түрдің (шығу тегіне қарамастан) тізбектерінің жұптық салыстыруларының орташа мәні болып табылады.
- Аймақшілік арақашықтықтар бір түрге жататын тізбектердің бір елді мекеннен қашықтығын орташалау арқылы есептелді.
- Аймақаралық қашықтықтар бір түрдің екі түрлі диапазонынан алынған барлық тізбектер арасындағы қашықтықтарды орташалау арқылы есептелді.

Үш есептеудің нәтижелері (i, ii және iii) төменде көрсетілген.

I. Аймақшілік қашықтықтың стандартты ауытқуы (SD) 0,11% (ең аз: 0%, максимум: 0,3%) құрады. Осы түрлердің бірінің 18-ші аймақшілік қашықтығы үшін стандартты ауытқу 1,26% құрады.

II. Үндістаннан алынған *Argyrops spinifer* үлгілерінің аймақшілік қашықтығы 0,20%, ал Үндістан мен Оңтүстік Африкадан алынған үлгілер арасындағы аймақаралық қашықтық 0,13% болды.

III. *Platycephalus indicus*-тің ғаламдық қашықтығы көрсеткіші 9,46%.

Бұл түрдің аймақаралық қашықтығы келесідей болды:

Үндістан/Қытай 15,78%	Қытай/Австралия 12,05%
Үндістан/Австралия 10,61%	Қытай / Оңтүстік Африка 16,05%
Үндістан / Оңтүстік Африка 4,05%	Австралия / Оңтүстік Африка 10,95%

Дұрыс (B) және бұрыс (H) тұжырымдарды анықтаңыз.

50. I есептегі 18-ші салыстырудың стандартты ауытқуының мәні салыстырылған балықтардың барлығы шын мәнінде бір түрге жатпайтынын растайды.


51. II есептегі жарияланған K2P мәндері үнділік және оңтүстік африкалық *A. spinifer* жалпы ата-аналық популяциядан шыққан, дегенмен Үндістанда Оңтүстік Африкаға қарағанда экологиялық тауашалар көбірек.

52. III есептегі қашықтық мәндері аймақаралық қашықтық мәндеріне қарағанда, жаһандық қашықтық мәндері *P. indicus* тізбегінің әлемде таралу дәрежесі туралы көбірек ақпарат беретінін көрсетеді.

53. III есепке келетін болсақ жаһандық қашықтық мәні (9,46%) мен орташа аймақаралық қашықтық (11,58) арасындағы айырмашылықты әртүрлі елдерден алынған зерттелген үлгілердің тең емес санымен түсіндіруге болады.

4-сұрақ.

Жасушаларды импульстік таңбалау бойынша тәжірибелерде жасушалар белгілі бір молекулалардың таңбаланған прекурсорлары ортасында қысқа уақыт (импульс) сақталады, содан кейін жасушаларға түспеген таңбаланған прекурсорлар жуылады. Таңбаланған молекулалар уақыт өте келе бақыланады. Таңбаланған UTP (маркерлер) ген экспрессиясын зерттеу үшін жасушаларға енгізіледі. Зерттеу нәтижелері суретте көрсетілген.



Дұрыс (В) және бұрыс (Н) тұжырымдарды анықтаңыз.

54. Ұсынылған мәліметтерге сүйене отырып, ядрода синтезделген РНК-ның көп бөлігі (массаның ~90%) ядрода тіпті цитоплазмаға түспей ыдырайды.

55. Ұсынылған мәліметтерге қарағанда, ядродағы РНК-ның әртүрлілігі цитоплазмаға қарағанда көбірек.

56. Интрондар бастапқы транскрипттердің 60% құрайды деп есептесек, тәжірибенің басында ядрода және 8 сағаттан кейін цитоплазмада байқалатын үлгілер санындағы айырмашылықтарды сплайсинг арқылы түсіндіруге болады.

57. Тәжірибе 8 сағаттан астам уақытқа созылатын болса, цитоплазмадағы маркерлердің саны 8 сағаттан кейін байқалғаннан көп болады деп күтілуде.

5-сұрақ.


Ферменттің белсенділігі әдетте оның конформациялық икемділігімен байланысты. Жоғары икемділік әдетте жоғары белсенділікпен бірге жүреді.

Флуоресценция тудыратын триптофан қалдықтары әдетте ферменттің полярлы емес ішкі бөлігінде орналасады. Триптофан қалдықтарының ерітіндімен жанасуын анықтаудың жақсы тәсілі флуоресценцияның сөнуін (тотықсыздануын) өлшеу болып табылады. Мутациялардың триптофан қалдықтарының болуына әсерін өлшеу үшін флуоресценцияның калий йодидінің (KI) сөндірілуін зерттеуге болады. Йод иондары қол жетімді (ақуыз молекуласының сыртқы бетінде) триптофандар шығаратын флуоресценцияны таңдамалы түрде сөндіреді.

Нәтижелері төменде келтірілген тәжірибеде ферменттің үш мутантты формасының (1, 2 және 3 мутантты нысандары) бірдей мөлшердегі флуоресценциялық сөндірілуі әртүрлі концентрациядағы KI (0-0,6 M) қосылғаннан кейін өлшенген. Қозу және сәуле шығару толқын ұзындығы триптофанға тән болды. Сөндіру нәтижелері келесі теңдеу арқылы сөндірілмеген флуоресценция қарқындылығының флуоресценция қарқындылығына (F_0/F) қатынасынан есептелуі мүмкін Штерн-Вольмар константасы, KSV, бойынша талданды.

$$F_0/F = 1 + KSV[Q]$$

[Q] = флуоресценция ингибиторының молярлық концентрациясы



Дұрыс (В) және бұрыс (Н) тұжырымдарды анықтаңыз

58. Үш мутацияға ұшыраған ақуыздың бір ақуызы ең аз ферментативті белсенділікке ие болады.


59. 2- ақуыздың триптофан қалдықтары 3- ақуыздың қалдықтарына қарағанда йод иондарына қол жетімді болды.

60. 3- ақуыздың көпшілігінде жоғары KSV болды

61. Бір ақуызда триптофан қалдықтары жоқ.

6-сұрақ.

Стероидты гормондар төмендегі суретте көрсетілгендей жасушалардағы біріншілік жауап гендерінің, сондай-ақ екіншілік жауап гендерінің экспрессиясына әсер етеді.



Дұрыс (В) және бұрыс (Н) тұжырымдарды анықтаңыз

Біріншілік және екіншілік жауап гендері қалай бір-бірінен ерекшеленеді:

62. Гормондарды енгізумен бір мезгілде ДНК репликациясын тежеу арқылы
63. Гормондарды енгізумен бір мезгілде транскрипцияны тежеу арқылы
64. Трансляцияны тежеу арқылы гормондарды енгізумен бір мезгілде
65. Гормондарды енгізумен, транскрипция мен трансляцияны тежеумен бір мезгілде

7-сұрақ.

Цистеин - балғын ақуыздарды құрайтын 20 аминқышқылдарының бірі болып табылады.


Цистеиннің димері цистин деп аталады. Beet carbon dots (beet CD) - қызылша шырынынан алынатын ұсақ көміртекті нанобөлшектері. Бұл нанобөлшектердің биомедициналық диагностика және наноэлектроника сияқты әртүрлі қосымшаларда қолдануға болатын флуоресценция сияқты бірегей оптикалық қасиеттері бар.

Бактериялар әртүрлі концентрациясы бар орталарда өсірілді (0, 8, 40, 80, 160):

- орта 1 - beet CD
- орта 2 – Цистеин (cysteine)
- орта 3 – Цистин (cystine)
- орта 4 – beet CD + цистеин (2 mix cysteine)
- орта 5 - beet CD + цистин (2 mix cystine)

Осы қоректік ортадағы бактериялар колонияларының саны есептелді. Нәтижелер 1-суретте көрсетілген.

Beet CD vs Cysteine, vs Cystine, vs 2 mix cysteine, vs 2 mix cystine




1-сурет

NBT және BCIP - бұл нуклеин қышқылдарын анықтау үшін молекулалық биологияда қолданылатын екі түрлі химиялық реагент.

NBT (nitroblueetrazolium) электрофорез гельдерінде ДНҚ мен РНҚ анықтау үшін қолданылады. Ол нуклеин қышқылдарының фосфат топтарымен байланысқанда көк түсті тотығу өнімін түзеді, оны гель түрінде көруге болады.

BCIP (5-бромо-4-хлоро-3-индолилфосфат) молекулалық биологияда нуклеин қышқылын анықтауда сілтілік фосфатаза үшін субстрат ретінде қолданылады. Сілтілік фосфатазаның қатысуымен BCIP гидролизденеді және көк түсті және мембраналарда, гельдерде немесе басқа биологиялық үлгілерде көрінетін индоксик тотығу өнімін құрайды.

Бактериялар өсірілген 5 үлгінің NBT/BCIP талдауының нәтижелері 2-суретте көрсетілген.



2-сурет

Дұрыс (В) және бұрыс (Н) тұжырымдарды анықтаңыз.

66. Цистеин фосфатаза ферментінің белсенді аймағының бөлігі болуы мүмкін.


67. Цистиннің құрамында екі цистеин болғандықтан, цистиннің фосфатаза белсенділігі цистеиннен жоғары.

68. Ортадағы цистеиннің үлкен концентрациясы бактериялардың ДНҚ-сын және мембранасын бұза алады.

69. Егер beet CD + цистеин және қатерлі ісік препараты *E. Coli*-ге енгізілсе, онда *E. Coli* рақ жасушасына енуі мүмкін, цистеин бактериялық мембрананы бұзады және қатерлі ісікке қарсы препарат тиімдірек болады.

8-сұрақ.

Кейбір шектеу ферменттерінің тану сайттары әртүрлі, бірақ төменде *Sal* I және *Xho* I үшін көрсетілгендей жабысқақ ұштары ұқсас болады.



Жоғарыдағы гельдік электрофорез суретінде рекомбинантты емес (бос) және рекомбинантты (құрамында X гені бар) плазмидтік вектордың рестриктаза ферменттерімен түзілген сызықты ДНҚ молекулалары көрсетілген. Экспрессия векторында клондау сайтына жақын промотор бар. ДНҚ-ны *Sal*I рестриктаза ферментімен кесу арқылы рекомбинантты плазмидті кірістірме (вставка) алынды. Кірістірме *Xho*I арқылы кесілген векторға қосылды. _

Дұрыс (В) және бұрыс (Н) тұжырымдарды анықтаңыз.

70. Деректер кірістірменің екі көшірмесі экспрессия векторында клондалғанын көрсетеді.

71. Клондардың жартысы X мРНҚ генін синтездей алады деп күтілуде.


72. *Xho* I сайты рекомбинантты вектордағы кірістірмеден тыс.

73. Гельде байқалған 2000 bp фрагменті рекомбинантты векторларды скрининг үшін зонд ретінде пайдалануға болады.

74. Егер *Sal* I өңделген кірістірме бір уақытта *Xho* I және *Sal* I- мен бөлінген векторға байланыстырылса және рекомбинантты плазмид *Xho*I- мен кесілсе, 4000 bp өнім пайда болады.

9-сұрақ.

Ұзындығы бірдей 16 хромосома бар ашытқы (дрожжи) түрлеріне ашытқыларды будандастыру эксперименттері жүргізілді. Бір гендік мутация бар екі мутант будандастыру нәтижелері (қайғылы жүздер) төменде көрсетілген. Әрбір геннің мутацияланған аллелі жабайы түрімен салыстырғанда рецессивті. «Қайғылық» полигендік фенотип болып табылады және бұл фенотипке көптеген гендер әсер етеді. Бұл ашытқыларда рекомбинация жоқ.



Дұрыс (В) және бұрыс (Н) тұжырымдарды анықтаңыз.

75. Егер m_1 және m_2 мутациялары бір генде болса, будандастыру 3 кезіндегі мейоздың барлық нәтижелері «қайғылы» болар еді.
76. Егер будандастыру 3 кезінде мейоздан 1 «бақытты» және 3 «қайғылы» ашытқылар шықса, онда m_1 және m_2 мутациялары әртүрлі гендерде болды.
77. Егер будандастыру 3 кезінде мейоздан 1 «бақытты» және 1 «қайғылы» ашытқы шықса, онда m_1 және m_2 мутациялар бірін-бірі басуы мүмкін.
78. Егер эксперименттер әртүрлі жұп қайғылы мутанттармен жүргізілсе, будандастыру 3тен кейін мейоз нәтижесінде пайда болған бақытты және қайғылы ашытқылардың ең жиі байқалатын қатынасы 1:3 болады.

10-сұрақ.

Талассемия – гемоглобин тізбегінің бірінің жоғалуымен немесе айтарлықтай төмендеуімен байланысты кең таралған тұқым қуалайтын ауру. Нәтижесінде функционалдық гемоглобиннің төмендеуіне, эритроциттердің дисфункциясына және анемияға әкеледі. α -талассемияда гемоглобиннің α -тізбегі жеткілікті мөлшерде синтезделмейді, нәтижесінде тек β -тізбегі бар гемоглобин тетрамерлері түзіледі.

β -талассемияда гемоглобиннің β -тізбегі жеткілікті мөлшерде синтезделмейді, ал α -тізбектері жетілмеген эритроциттерде тұнбаға түсетін ерімейтін агрегаттар түзіп, олардың жетілуіне кедергі жасайды.

Қалыпты гаплоидты адам геномында бір ген β тізбегін және екі ген α тізбегін кодтайды. Қалыпты адамдарда екі β -тізбекті аллельге қарсы төрт α -тізбекті аллельге ие болу α -тізбектерінің артық болуына және агрегат түзілуіне әкеледі деп күтуге болады. Бірақ қалыпты адам жасушаларында гемоглобиннің α -тізбекті агрегаттар болмайды.

α -тізбектердің ерігіштік механизмі ашылды. Эритроциттерде 11 қДа ақуыз табылды, ол α -гемоглобинді тұрақтандыратын ақуыз (AHSP) деп аталды. Бұл ақуыз α -тізбекті мономерлермен еритін комплекс түзеді. AHSP β -гемоглобин де байланысатын α -тізбектің бетімен байланысады және қалыпты α -гемоглобинді қамтамасыз етеді. β -гемоглобин жасушада синтезделетіндіктен, ол кешеннен AHSP-ті ығыстырады.

Дұрыс (В) және бұрыс (Н) тұжырымдарды анықтаңыз.


79. β -талассемияның α -талассемиямен салыстырғанда жоғары жиілігін α - және β -гендердің көшірмелерінің санының айырмашылығымен түсіндіруге болады.
80. α -гемоглобин/ β -гемоглобин арақатынасы β -талассемияға скрининг үшін қолайлы маркер болып табылады.
81. α -гемоглобиннің AHSP-ге қарағанда β -гемоглобинге жақындығы жоғары.
82. AHSP-дегі зиянды мутациялар α -тізбекті агрегация арқылы β -талассемияға тән фенотипті тудырады деп күтілуде.

11-сұрақ.


ДНҚ-полимераза III голофермент polIII^* ферментінен және polIII^* мен ДНҚ шаблонын бірге ұстайтын β -қысқыштан тұрады. Синтез кезінде polIII^* артта қалған тізбек бір Окадзаки фрагментінің синтезі аяқталғаннан кейін β -қысқыштан ажырап, келесі Окадзаки фрагментін синтездеу үшін басқа β -қысқышпен қосылатынын зерттеп жатырсыз. Сіз донор ретінде праймерленген (бір тізбекті ДНҚ және праймер) M13 фаг (M13mp18) үлгісін дайындадыңыз және оны β -қысқышпен және polIII^* жүктедіңіз. Содан кейін сіз акцепторлар ретінде тағы екі праймерленген фаг ДНҚ үлгісін қостыңыз: біреуі (M13Gori) β -қысқышы алдын ала жүктелген, екіншісі (ϕX174) β -қысқышсыз (А-сурет).

Сіз үлгілерді репликация жағдайында 90 минут бойы инкубацияладыңыз — донор мен акцептордың репликациялануы үшін жеткілікті — содан кейін электрофорезді орындадыңыз (В-сурет, 1-4 ұңғымалар). Содан кейін сіз тәжірибені қайталайсыз, бірақ бұл жолы β -қысқышты M13Gori орнына ϕX174 -ке жүктейсіз (В суреті, 5-8 ұңғымалар).

(A)



(B)



Дұрыс (B) және бұрыс (H) тұжырымдарды анықтаңыз.

83. Репликация аяқталғаннан кейін polIII^* бастапқы β -қысқыштан диссоциацияланады.

84. Мәліметтер β -қысқыштың репликация үшін мүлдем қажет емес екенін растайды.


85. polIII^* акцептор үлгісінің β -қысқышпен алдын ала жүктелуін қалайды.

86. Осы деректерге сүйене отырып, бір β -тізбек репликациялық айырдың (вилка) жабылатын тізбегіндегі барлық Окадзаки фрагменттерін синтездеу үшін жеткілікті.

12-сұрақ.

Төмендегі ферментативті реакция екі кезеңде жүреді: паранитрофенил - пептид → паранитрофенол+пептид.

Паранитрофенолдың максималды сіңірілуі 405 нм толқын ұзындығында болады. Төменде реакция ағынының қисығы көрсетілген.




Дұрыс (В) және бұрыс (Н) тұжырымдарды анықтаңыз.


87. Паранитрофенолдың ыдырауы ферментативті механизмнің бірінші кезеңінде жүреді
88. Екінші кезеңде ферментативті реакцияның жылдамдығы шектеледі.
89. Фермент активтілігін «а» бөлігінде қисықтың еңісімен анықтауға болады.
90. Реакция өнімдерінің бірі ферментті белсендіреді

13-сұрақ.

Ақуыздың ыдырауы нәтижесінде пайда болатын аминқышқылдары лимон қышқылы циклінің аралық өнімдеріне метаболизденуі мүмкін. Тізімде келтірілген келесі аминқышқылдары белгілі бір ақуыздың қорытылуынан алынған.



Кребс циклі төменде көрсетілген. α -амин қышқылдарының көпшілігі төменде көрсетілген трансминдеу реакциясы арқылы сәйкес α -кетот қышқылына тікелей айналуы мүмкін екенін ескеріңіз.




Дұрыс (В) және бұрыс (Н) тұжырымдарды анықтаңыз.

91. Аспарат Кребс цикліне енгеннен кейін белгі (радиоактивті көміртекті) алдымен оксалоацетатта пайда болады.
92. Аланин Кребс цикліне енгеннен кейін белгі алдымен цитратта пайда болады.
93. Циклдің бірінші кезеңінде 14 CO_2 түзеді.
94. Циклдің екінші кезеңінде 14 CO_2 түзеді.

14-сұрақ.

а суретінде ауырсыну мен температураны сезу жолдары көрсетілген. Бірінші ретті нейрон жұлынға еніп, аксоны таламуста аяқталатын екінші ретті нейронмен синапс құрады. Үшінші ретті нейрон ақпаратты ми қыртысына жеткізеді. b суретінде діріл мен проприоцепцияның сенсорлық жолдары (буын позициясының сезімі) көрсетілген. Бірінші ретті нейрондардың аксон ұштары мишықта орналасады және ортаңғы сызықты кесіп өтетін екінші ретті нейронмен синапстарды құрайды және оның аксондары дене денесінде аяқталады. Ақырында, сенсорлық ақпарат үшінші ретті кортикальды нейрондар арқылы беріледі.

Апат салдарынан кеуде аймағының оң жақ қарыншасы мен сол жақ арқа бөліктерінде жұлынның ақ заты зақымдалған.



Дұрыс (В) және бұрыс (Н) тұжырымдарды анықтаңыз.

95. Науқастың оң қолындағы температураны қабылдау бұзылған.


96. Науқастың сол аяғындағы діріл сезімі бұзылған.

97. Науқастың сол аяғында буынның күйін, оң аяғында температураны сезінуі бұзылған.

98. Науқасты сол аяқтың ауырсыну сезімі мазалайды.

15-сұрақ.

Төмендегі график гемоглобиннің оттегімен қанығу коэффициентін көрсетеді (O_2 saturation of hemoglobin) және оттегінің парциалды қысымы (P_{O_2}).



Дұрыс (В) және бұрыс (Н) тұжырымдарды анықтаңыз

99. III әрпі өкпедегі парциалды қысымды көрсетеді

100. Ж әрпі тыныштық кезінде дене ұлпаларындағы парциалды қысымды көрсетеді.


101. X әрпі физикалық күш салу кезінде дене ұлпаларындағы парциалды қысымды көрсетеді.

102. Оттегімен байланысқан гемоглобин мөлшері оттегінің парциалды қысымына байланысты

16-сұрақ.

Жарық сәулесі басқа ортаға бұрышпен түскенде оның бағыты өзгереді. Бұл құбылыс жарықтың сынуы деп аталады. Сәуле бағытының өзгеру шамасын Снелл заңы (Snell's Law) арқылы есептеуге болады, мұндағы «n» сыну көрсеткіші.


Бұл құбылыс линзалардағы сәулелердің конвергенция және дивергенция принципі болып табылады.





Линзаның үлкейтуін келесі формула арқылы есептеуге болады:

$$D = (n_1 - n_2) / r$$

Линзаның оптикалық үлкейтуі конвергенция немесе дивергенция дәрежесін білдіреді; (d: линзаның үлкейтуі, r: қисықтық радиусы)



Anableps sp. көзінің құрылымы көрсетілген. *Anableps sp.* су және құрлық мекендеу орындарында объектілерді көре алады.



A) *Anableps sp.*

B) *Anableps sp.*- көзі

C) *Anableps sp.* - көздің схемалық құрылымы

Дұрыс (B) және бұрыс (H) тұжырымдарды анықтаңыз.

103. Көзбұршақтың сыну индексі ең жоғары.

104. Көзбұршақтың сыну ең жоғары.

105. Жарық сәулесі сулы сұйықтық арқылы өткенде қасаң қабықтан гөрі көбірек бөлінеді.

106. *Anableps* балықтарындағы линзаның әртүрлі диаметрлерін байқаған кезде 1 және 2 жарық сәулелері сәйкесінше жер және су аймақтарын білдіреді.

17-сұрақ.

Қалқанша безінің гормондары ақуыздар арқылы қанға тасымалданады. Қалқанша безінің гормондарын байланыстыратын глобулин (ТСГ) қалқанша безінің гормондары үшін негізгі тасымалдаушы ақуыз болып табылады. ТСГ концентрациясына көптеген факторлар әсер етеді. Оларға эстроген және жүктілікке қарсы таблеткалары кіреді. Мысалы, жүктілікке қарсы таблеткалары ТСГ концентрациясын арттырады. ТЗРУ әдісі қалқанша безінің гормондарымен қанықпаған қандағы байланыспаған ТСГ мөлшерін анықтау үшін қолданылады. Ол пациенттердің ТСГ-ның радиоактивті Т3-ті байланыстыру қабілетін жанама түрде өлшейді. Науқастың қалқанша безінің гормонының деңгейі неғұрлым төмен болса, соғұрлым радиоактивті Т3 ТСГ-мен байланысады. Осылайша, радиоактивті Т3 оның байланыспаған түрінде ғана анықталуы мүмкін болғандықтан, ТЗРУ нәтижесі төмен болады.

Дұрыс (В) және бұрыс (Н) тұжырымдарды анықтаңыз.

107. Біріншілік гипотиреозбен қалқанша безінің жұмысын зерттеу нәтижесі келесідей болады: ТСГ жоғары, Т4 төмен, ТЗРУ төмен.

108. Жүктілікке қарсы таблеткаларын қабылдаған сау адамның қалқанша безінің функциясын тексерудің нәтижелері келесідей болады: ТСГ қалыпты, Т4 төмен, ТЗРУ төмен.

109. Біріншілік гипертиреозда қалқанша безінің функциясын тексеру нәтижесі келесідей болады: ТСГ жоғары, Т4 жоғары, ТЗРУ жоғары.


110. Екіншілік гипотиреозда қалқанша безінің функциясын тексеру нәтижесі келесідей болады: ТСГ төмен, Т4 төмен, ТЗРУ төмен.


